

 <p>Костанай қаласының №1 емханасы</p> <p>КГП «Поликлиника №1 города Костанай»</p>	<p>Система менеджмента качества</p> <p>СМК-ПД-01</p>	<p>Издание 1</p> <p>Стр. 1 из 15</p>
<p>Положение о деятельности «Этические Правила »</p>		

БЕКІТЕМІН
«Қостанай қаласының
№1 емханасы» КМК
бас дәрігері
О.В.Игимбаева
«16 07 2016 жыл



«ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫНЫҢ №1 ЕМХАНАСЫ» КМК
ЭТИКАЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ»
ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ
САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

СМЖ-ПД-01



Костанай қ.
2016 ж.

Запрещается несанкционированное ксерокопирование документа



КГП «Поликлиника №1
города Костанай»

Система менеджмента качества

Издание 1

СМК-ПД-01

Стр. 2 из 15

**Положение о деятельности
«Этические Правила »**

	Мазмұны	бет
1	Тағайындау	3
2	Қолдану аймағы	3
3	Терминдер, анықтау, қысқарту	3
4	Құжаттарға сілтеме	4
5	Жаупкершілік	4
6	Этикалық Ережелерді сипаттау	5
6.1	Жалпы нормалар мен қызметкердің қызметтік тәртіп ережелері	5
6.2	Медициналық этиканың ерекшеліктері мен Емхананың дәрігер қызметкерлерінің парызы	6
6.3	Медициналық этиканың ерекшеліктері мен орташа медициналық қызметкерлердің парызы	7
6.4	Кіші медициналық қызметкерлердің этикалық кодексінің ерекшеліктері	9
6.5	Медициналық этиканың негізгі ерекшеліктері және емделушілермен қарым-қатынас жасауда қызметкерлердің парызы	9
7	Анықтау, тіркеу, талдау (талқылау) және Этикалық нормаларды бұзу фактілері бойынша қабылданған шараларды анықтау бойынша ереже Қосымша	11
	Келісім парагына А қосымша	13
	Танысу парагына Б қосымша	14
	Өзгерістерді тіркеу парагына В қосымша	15

Запрещается несанкционированное ксерокопирование документа

 КГП «Поликлиника №1 города Костанай»	Система менеджмента качества СМК-ПД-01	Издание 1 Стр. 3 из 15
Положение о деятельности «Этические Правила »		

1 Тағайындау

1.1 «Қостанай қаласының №1 емханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - Емхана) этикалық ережелері болып (бұдан әрі - Ереже) ауруханада кәсіпқой медициналық жұмысты жүзеге асыру барысында этикалық нормалардың жиынтығы мен медициналық қызметкердің тәртіптік қағидаларын анықтайтын құжат болып табылады.

1.2 Ереже Қазақстан Республикасының медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің ар-намыс Кодексі, «Халық денсаулығы және денсаулық сактау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің №]84 бабы негізінде өндөліп жасалған.

1.3 Осы Ереже жалпы тұлға мен қоғам денсаулығын, құқығы мен адамгершілікке бағытталған №1 емхана қызметкерлері мен қоғам - емделушілер арасындағы қарым-қатынасты анықтау, сондай-ақ, өзінің жасаған жұмысында қоғам алдында қызметкердің жоғары моральдық жауапкершілігін айқындауды.

2 Қолдану аймағы

Осы Ереже Емхананың қызметкерлерімен қолданылады және (СМЖ) сапа менеджмент жүйелерінің құжаттамалар жиынтығына енеді.

3 Терминдер, анықтау

3.1 Терминдер, анықтау, қысқарту

Медициналық этика (лат. <i>ethica</i> , от греч. <i>ethice</i>)	Адамгершілік, өнегелілікке үйрету.
Медицинская деонтология	Этикалық нормалар жиынтығы мен өзінің кәсіби міндеттерін орындау барысында медициналық қызметкерлер тәртібінің қағидалары.
Этика (греч. <i>ethika</i> , от <i>ethos</i> – әдет-ғұрып, мінез)	Адамгершілік пен өнегелілікке үйрететін философиялық тәртіп.

 КГП «Поликлиника №1 города Костанай»	Система менеджмента качества СМК-ПД-01	Издание 1 Стр. 4 из 15
Положение о деятельности «Этические Правила »		

Этикалық кодекс	Емхананың барлық бірдей қызметкерлері үстануға міндетті ұжымдағы белгілі нормалар жиынтығы.
------------------------	--

3.2 Қырсарту

МКСБДО	Медициналық қызметтің сапасы жөнінде бас дәрігердің орынбасары
КР ДС ӘМ	Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі
БМСК	Бастапқы медициналық – санитарлық көмек
Емхана	«Қостанай қаласының №1 емханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны
ЕҚІБҚ	Емделушілерді қолдау және ішкі бақылау қызметі
СМЖ	Сапа менеджмент жүйесі

4 Құжаттарға сілтеме

МС ИСО 9000:2015	Сапа менеджмент жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік
МС ИСО 9001:2015	Сапа менеджмент жүйесі. Негізгі талаптар
30 тамыз 1995 жыл	Қазақстан Республикасының Конституциясы.
18.09.2009ж. №193-IV ҚР Заны	«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі
23.11.2015ж. №414-V ҚР Заны	Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі

5 Жауапкершілік

- 5.1. Этикалық ережені бекіту үшін жауапкершілік Емхананың бас дәрігеріне жүктеледі.
- 5.2. Осы ереженің талаптары Емхананың барлық бөлімшелеріне таратылады.

Запрещается несанкционированное ксерокопирование документа

 <p>Каласының №1 емханасы * «КОСТАНАЙ ПОЛИКЛИНИКА»</p> <p>КГП «Поликлиника №1 города Костанай»</p>	<p>Система менеджмента качества</p> <p>СМК-ПД-01</p>	<p>Издание 1</p> <p>Стр. 5 из 15</p>
<p>Положение о деятельности «Этические Правила»</p>		

5.3 Емхананың барлық қызметкерлері Ережені сақтауға міндетті.

6 Етикалық Ережелерді сипаттау

6.1 Жалпы нормалар мен қызметкердің қызметтік тәртіп ережелері

6.1.1 Медициналық этика негізі үш бағыт бойынша тұлғааралық өзара қарым-қатынастың түрлі проблемаларын шешуге үйретеді және анықтайды:

- медициналық қызметкер – емделуші,
- медициналық қызметкер – емделушінің туыс-туғандары,
- медициналық қызметкер – медициналық қызметкер.

6.1.2 Төрт жан-жақты этикалық қағиданы қамтиды: қайырымдылық, дербестік, әділдік және толық медициналық көмек.

6.1.3 Емхана қызметкерінің қызметтік тәртібінде адам мен оның құқығы, еркіндігі жоғары құндылық болып табылатындығы жайлы конституциялық ережеден басталуы қажет және әрбір азамат жеке өмірі мен отбасылық құпияяға қол сүкітірмаяуға, абырайын, ар-намысын, өзінің жақсы атын қорғауға құқылы.

6.1.4 Емхана қызметкерінің қызметтік тәртібінде аулақ болу:

а) жынысы, жасерекшелік, нәсілі, ұлты, тілі, азаматтығы, әлеуметтік, мұліктік немесе отбасылық жағдайы, әлеуметтік және діни көзқарсы бойынша кез-келген пікір түрлері мен кемсіту сипатындағы әрекеттерден;

б) дөрекілік, менсінбеушілік, шадырлық рең танытып, біржақты, ескерту жасап, заңсыз, жазықсыз кінәлаудан;

в) қорқыту, сөгу немесе қақпақылдау әрекеттерден, қарапайым қарым-қатынастан немесе арандатушы құқыққа қайшы тәртіптен алшақ болу;

6.1.5 Емхана қызметкери ұжымда іскерлік өзара қарым-қатынас жасауда және бір-бірімен конструктивтік серіктестіктікте бекітілген өзінің қызметтік тәртібін жетілдіруге үндеу.

6.1.6 Емхана қызметкери сыйайы, ақ пейіл, биязы, зейінді азаматтар және ұжыммен қарым-қатынас жасауға төзімділік таныта білуі тиіс.

6.1.7 Емхана территориясында темекі шешуге бекітілмеген орындарда Қызметкердің темекі шегуіне тиым салынады, ал алкогольдік, есірткілік немесе улағыш заттардан мас болу жағдайында лауазым міндеттерін орындауға тіптен болмайды.

6.2 Медициналық этиканың ерекшеліктері мен Емхананың дәрігер қызметкерлерінің парызы.

 <p>КГП «Поликлиника №1 города Костанай»</p>	Система менеджмента качества	Издание 1
	СМК-ПД-01	Стр. 6 из 15
Положение о деятельности «Этические Правила»		

1. Осы Ереже және ар-намыс Кодексімен жетекшілік ету;
2. Қазақстан Республикасы азаматының денсаулығын нығайтуға қабілеттеу;
3. Емделушілерді қызықтыратын сұраптарды түбегейлі шешу;
4. Емхана немесе күндізгі стационар бөлімінің жұмысы қатаң тәртіпке бағынып, қызмет бабындағы сыйластықты сақтау, нақтырақ айтқанда аға лауазымға кіші лауазымды қызметкердің қызметтік бағынуы;
5. Медициналық қызметкер емделушілерге сырпайы, мұқият, ағайынгершілік қатынаста болуы тиіс;
6. Дәрігер жоғары білікті, жан-жақты сауатты болуы қажет. Қазір емделушілер, әсіресе өзінің сырқаты бойынша медициналық әдебиетті оқиды.
7. Дәрігер мұндай жағдайларда емделушілермен кәсіби және биязы тілдесуі қажет.
8. Дәрігерлік құпияны сақтау;
9. Дәрігер емделушінің жағдайын, нақты диагноз берен болжамды туыстуғандарына хабарлауы қажет;
10. Дәрігер жалған аурудың жоқтығына емделушіні иландыра билуі тиіс;
11. Емделуші болмаған жағдайда әріптестерінің әрекеттерін сынап немесе бағалауға болмайды;
12. Әріптестеріне ескерту жасауда дәрігердің беделін түсірмей қажет болған жағдайда бетпе-бет жасауы тиіс;
13. Дәрігер өз жұмысында емделуші дәрігер тарапынан туындаған айыптаулар кезінде тұйықталып қалмай, алқалы түрде іске асыруы қажет;
14. Егер сіздің диагнозыңызben келіспеген жағдайда ешқашан емделушіге «Анау кеңесші жаман» деп айтуға болмайды;
15. Егер ұжыммен бірлесіп талқылау кезінде келіспеушілік туындаған жағдайда – оларды бөлім меңгерушісінің кабинетінде талқылап, сонан соң, талқылау барысында қол жеткізген шындық негізінде «Біз талқылап және шештік» деп нақты осылай айтып, жалпы ойларын емделушіге хабарлауы қажет;
16. Әрекет ету уақытында тәсілді таңдауға бірлесіп қатысу. Егер әрекет ету кезінде дәрігер күтпеген уақыға, техникалық қындықтарға тап болған жағдайда аға әріптесін шақырып, қажет болған жағдайда әрі қарай әрекет ету уақытына оның қатысуын сұрайды;

 <p>КГП «Поликлиника №1 города Костанай»</p>	<p>Система менеджмента качества</p>	<p>Издание 1</p>
	<p>СМК-ПД-01</p>	<p>Стр. 7 из 15</p>
<p>Положение о деятельности «Этические Правила»</p>		

17. Орташа және кіші медициналық қызметкердің өзара қарым-қатынасы демократшыл болуы тиіс – олар барлығын біледі және естиді – дәрігерлік құпияны сақтауда оларды өз тарапына тартуы қажет – ауырып жүрген сырқаты немесе дерпті, оларға қолданылып жүрген емдеу әдістерді және т.б. туралы емделушіге, не оның туған – туыстарына хабарламау керек;

18. Орташа және кіші қызметкерді қойылған барлық сұрақтарға «Мен ештеңе білмеймін, емдеуші дәрігерден сұраңыз» деп дұрыстап жауап беретіндегі етіп тәрбиеленіз;

19. Сұрақтар жариялыш түрде талқыланбайды және кім көрингенге беріле бермеуі тиіс;

20. Қажетті білім мен дағдыны беретін кіші және орташа қызметкер парызы, жауапкершілік, ақ ниеттілік сезімге тәрбиеленуі тиіс;

21. Егер ауру қалыпты жағдайда және емдеу жақсы жүріп жатса толықтай шындықты айтуға болады. Ауру асқынған жағдайда жақын туыс-туғандарымен сыпайы сөйлесу қажет;

22. Емделушілерге қатысты қаржылай фактілер мен басқада бопсалаушылыққа жол берілмейді, әріптестері тарапынан осындай әрекеттердің жолын кесуде күшті барынша салуға тиіс;

23. Пайдакүнемдік және басқада жеке мақсатта қызметтік ақпараттарды қолдануға болмайды;

24. Өзінің қызметтік міндеттерін орындау аралығында бекітілген киім түрлерін сақтау;

25. Жеке пайдасы үшін алдын алу мен емдеудің әдістері мен құралдарын жарнамалап және пайдалануға жол берілмейді.

6.3 Медициналық этиканың ерекшеліктері мен орташа медициналық қызметкерлердің парызы.

1. Осы Ереже және ар-намыс Кодексімен жетекшілік ету;
2. Қазақстан Республикасы азаматының денсаулығын нығайтуға қабілеттеу;
3. Емделушілерді қызықтыратын сұрақтарды түбебейлі шешу;
4. Өзінің қызметтік міндеттерін орындау аралығында бекітілген киім түрлерін сақтау;

 <p>Калласының №1 емделуші мекемесі * «КОСТАНАЙ»</p> <p>КГП «Поликлиника №1 города Костанай»</p>	<p>Система менеджмента качества</p> <p>СМК-ПД-01</p>	<p>Издание 1</p> <p>Стр. 8 из 15</p>
<p>Положение о деятельности «Этические Правила »</p>		

5. "Мейіrbike - емделуши" арасындағы қарым-қатынас

- Мейіrbike емделушімен сабырлы әрі ашық жарқын сөйлесуге міндettі. Дәрекі, тұрпайы немесе тым ресми сөйлесуге тыйым салынады. Науқастарға «Сіз» деп және аты мен әкесінің атын атап сөйлескен жөн.
- Науқастың жаңында түрып оның диагнозын, емдеу жоспарын талқылауға, палатадағы өзге де науқастардың денсаулығын әңгімелегенде тыйым салынады.
- Күрделі және ауырсындыратын емшараларды бастамас бұрын мейіrbike осы емшаралардың мәнін, мағынасын және қажеттілігін түсінікті түрде науқасқа түсіндіруі және тыныштандыруы қажет.

6. «Мейіrbike-емделушінің туысқандары (және жақындары)» арасындағы қарым-қатынастар:

- Ұстамдылықты, сабырлылықты, тыныштықты және әдептілікті сактауды қажет;
- Күрделі науқастарды күтушілерге емшара мен манипуляцияларды дұрыс орындау тәртібін түсіндіруі тиіс;
- Тек өз құзыреті шеңберінде сұхбаттасуы (науқастың сырқаты, болжамы жөнінде әңгімелемей, дәрігерге жолдау) тиіс;
- Қойылған сұрақтарға сабырлы жауап беруі қажет, күрделі науқаста дұрыс күте білу ережелерін шыдамдылықпен үйретуі тиіс.

7. «Мейіrbike-дәрігер» арасындағы қарым-қатынастар:

- Сұхбаттасу кезінде дәрекі тілдесуге тыйым салынады;
- Дәрігерлік тағайындаулар уақытында нақты, нақты және кәсіби орындалуы тиіс;
- Ағайынгершілікке жол берлмейді. Дәрігерге «Сіз» деп және аты мен әкесінің атын атап сөйлескен жөн.
- Науқастың денсаулық жағдайындағы кенеттен болған өзгерістер туралы дәрігерге жедел хабар берілуі тиіс;
- Тағайындалған дәрігерлік емді қолдану барысында күмән туындаған жағдайда науқас жоқ уақытта, сыртайы түрде, осы жөнінде дәрігермен мән-жайды талқылауы қажет.

8. «Мейіrbike-мейіrbike» арасындағы қарым-қатынастар:

- Әріптестеріне қатысты дәрекілікке, тұрпайылыққа жол берілмеуі тиіс;

Запрещается несанкционированное ксерокопирование документа

 <p>Каласының №1 емблемасы</p> <p>КГП «Поликлиника №1 города Костанай»</p>	<p>Система менеджмента качества</p> <p>СМК-ПД-01</p>	<p>Издание 1</p> <p>Стр. 9 из 15</p>
<p>Положение о деятельности «Этические Правила »</p>		

- Қандай да бір ескертулер, науқас болмаған уақытта, әдепті түрде айтылуы тиіс;

- Тәжірибиесі мол медбикелер жас мамандарға тәлімгерлік көмек көрсетулері қажет;
 - Қыын жағдайларда бірі біріне көмектесулері тиіс.

9. «Мейірбике-кіші медицина қызметкері» арасындағы қарым-қатынастар:

- Қыын жағдайларда бірі біріне көмектесулері тиіс.
- Өзара сыйластықты сақтаулары тиіс;
- Кіші медицина қызметкерінің жұмысын сыпайы түрде бақылауы қажет;
- Әдепсіздікке, дөрекілікке, тәкаппарлыққа жол беруге болмайды;
- Науқастар мен келушілердің көзінше ескертулер жасауғаболмайды.

6.4 Кіші медициналық қызметкерлердің этикалық кодексінің ерекшеліктері.

1. Кіші медициналық қызметкер барлық қызметтік сұрақтарды мейірбикемен, ал сонында аға мейірбикемен шешуі қажет.

2. Кіші медициналық қызметкерлердің бөлім менгерушілеріне немесе мекеме басшыларымен тікелей тілдесу қабылдауға келмейді.

- 3. Әріптестеріне қатысты дөрекілікке, тұрпайылыққа жол берілмеуі тиіс;
- 4. Қызметкерлер арасында қызметтік сыйластық қатаң сақталады.
- 5. Моральдық-этикалық талапты сақтау.

6.5 Медициналық этиканың негізгі ерекшеліктері және емделушілермен қарым-қатынас жасауда қызметкерлердің парызы

6.5.1 Медициналық көмек көрсету кезінде негіз қалаушы әрекет ететін заңнамаға сәйкес емделушінің басты қызығушылық қағидасы болып табылады.

6.5.2 Емхананың медициналық қызметкері емделушілермен қарым-қатынас жасауда міндетті:

1. Жас ерекшелігі, жынысы, нәсілі, ұлты, діні, әлеуметтік жағдайы, әлеуметтік көзқарасы, азаматтық және басқада медицинадан тыс факторлар, сондай ақ, материалдық жағдайына қарамастан кез-келген көмекке мүқтаж адамға медициналық көмек көрсетуі;
2. Медициналық көмекке келіп жүргінген азаматтарға бірдей сыпайы қарым-қатынаста болып, емделушілер және өздерінің әріптестері, лауазымды тұлғалардың әрекеттері (әрекетсіздігін) талқыламауы;

Запрещается несанкционированное ксерокопирование документа

 КГП «Поликлиника №1 города Костанай»	Система менеджмента качества СМК-ПД-01	Издание 1 Стр. 10 из 15
Положение о деятельности «Этические Правила »		

3. Кез-келген жағдайларда қандайда болмасын жауапты реакцияға қарамастан емделушілер, олардың туыс-туғандары, өздерінің әріптестеріне назар аударып және ізгі ниетте болуға тырысып бағуы;
4. Кішпейіл бола білу және әділетсіздік немесе ренішті назарына алмауы;
5. Емделушілерді тыңдал, негативтік эмоцияларды болдырмай және көптеген емделушілер дәрігерлердің сөзіне сеніммен көнілге алғындарын растай отырып, сұрақта жауап беруі;
6. Қандай жағдай болмасада емделушілермен қалжындаспауы;
7. Медициналық тексерулер, емдеу шаралары, дәрілік бүйымдарды тағайындаған жағдайда медициналық көрсеткіштерді қатаң жетекшілікке алуы;
8. Дәрігерді таңдал, басқа дәрігерден кеңес алуға және емдеу-алдын алу шараларын өткізу туралы шешім қабылдауда емделушінің құқығын сыйлау;
9. Емделушініңabyroны мен қадір – қасиетін сыйлап, тілектестік қарым-қатынаста болып, жеке құпиялыққа оның құқығын сыйлау, науқастың жағдайына тұған-туыстарының алаңдаушылығын түсіністікпен қабылдау;
10. Қолайсыз болжам жағдайда қолайлы нәтиже болуы мүмкін, өмірді ұзарту үмітін үзбей, үміттендіре отырып ақырын биязылықпен, бақылап Емделушіні ақпараттандыру қажет;
11. Саламатты өмір салтын насиҳаттаудың жеке үлгісі ретінде (газет, журнал, радио, теледидар, әнгіме және басқада) қол жетімді құралдардың қоғамдық және кәсіби этикалық нормаларын сақтау үлгі ретінде қабылдануы қажет;
12. Әділ медициналық және әлеуметтік себептер болмаған жағдайда оны емдең, кезектен тыс медициналық көмек көрсету туралы емделушінің, оның туыс-туғандарының қысымына берілмеу;
13. Кезектен тыс медициналық көмекті бекіту кезінде бірнеше емделуші қандайда бір кемсітулерден басқа тек медициналық белгілермен жетекшілік етсін;
14. Емшара жүргізу кезінде өзге тұлғалар, сондай-ақ дәрігерлер және туыс-туғандары, немесе олардың кенеттен келуін болдырмау;
15. Емделушіні тыныштандырып және ауырсынатын емшаралардың пайдалылығы жайлы көнілін иландыра білуі қажет;
16. Медициналық қызметкер өзінің білімі мен мүмкіндігін ізгіліксіз мақсатта және жеткіліксіз негізде медициналық шараларды қолданып немесе ондай

Запрещается несанкционированное ксерокопирование документа

 <p>КГП «Поликлиника №1 города Костанай»</p>	<p>Система менеджмента качества</p>	<p>Издание 1</p>
	<p>СМК-ПД-01</p>	<p>Стр. 11 из 15</p>
<p>Положение о деятельности «Этические Правила »</p>		

әрекеттерді емделушіге қолдануға болмайды, емделушіні жазалау, сондай-ақ, үшінші тұлғаның көзқарасы бойынша емделушілерге медициналық әрекет ету амалдарын қолдануға болмайды; залалдың кесірінен емделушіге физикалық, өнегелілік және материалдық нұқсан келтіріп және осындай нұқсан келтіретін үшінші тұлғаның әрекетіне немікүрайлы қарауға болмайды.

17. Медициналық қызметкер өзінің кәсіпқой іскерлігі үшін (кез-келген нысанда) емделушіден, сондай-ақ оның туыс-туғандарынан, таныстарынан, сонымен қатар қайырымдылық жарна түрінде материалдық сыйлық ақы алуға құқығы жоқ;

18. Емделуші, оның туыс-туғандары немесе әріптестері тарапына қорлау түріндегі айтылған абыройы мен қадір – қасиетін кемсіткен жағдайда Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен қудаланады.

7 Анықтау, тіркеу, талдау жасау (талқылау) және Этикалық нормаларды бұзу фактілері бойынша қабылданған шараларды анықтау бойынша ереже

7.1 Емхана қызметкери оның тәртібі үжымда көпшілік алдында талқылануы мүмкін екендігін білуі және сезінуі қажет. Медициналық қызметкердің төрешісі болып біріншіден – өзінің ар-намысы табылады. Екіншіден – осы Ережелер мен Емхананың басқада құжаттарына сәйкес тәртіп бұзушыларды жазалауға құқығы бар Этикалық комиссия тұлғасында болып табылатын медициналық қауымдастық болып табылады. Этикалық ережені бұзғаны үшін жауапкершілік деңгейі Этикалық комиссиямен анықталады. Егер этикалық норманы бұзуда бір мезгілде Қазақстан Республикасының әрекет ететін заңнама ережесін қозғайтын болса, онда медициналық қызметкер заң жүзінде жауапкершілікке тартылатын болады.

7.2 Этикалық комиссия өз жұмысында «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, осы Ережемен, сондай-ақ, Емхананың басқада әрекет ететін Ережелерімен жетекшілік етеді.

7.3 Этикалық комиссияның басты міндеттері – этикалық қақтығыстарды шешу, көмек көрсету, сондай-ақ, еңбек ету үжымында жағымды моральдық – психологиялық ахуалды қалыптастыру мақсатында құпияллы кеңестер беру болып табылады.

7.4 Емхана қызметкерлерінің этикалық нормаларды бұзу фактілері бойынша анықтау және тексеріс жүргізу Бас дәрігердің тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылады.

 КГП «Поликлиника №1 города Костанай»	Система менеджмента качества СМК-ПД-01	Издание 1 Стр. 12 из 15
Положение о деятельности «Этические Правила»		

7.5 Емхана қызметкерлерінің Этикалық ережелер нормалары мен талаптарын бұзу фактілерін этикалық комиссияның қарастыру қорытындылары бойынша тексеріліп жатқан сұрақтар бойынша әділ бағаларды қамтитын қорытындыға шығарылып және дәлелді тұжырымдар, сенімді мәліметтік анықтамаларды қамтиды.

7.6 Этикалық комиссияның шешімі төраға, комиссия мүшелері мен хатшының қолы қойылған хаттамамен рәсімделеді.

7.7 Этикалық комиссияның шешімі міндетті түрде анықталған тәртіп бұзушылықтар мен жеткіліксіздіктерді қалпына келтіру бойынша нақты шаралар ұсыныла отырып Емхананың Бас дәрігеріне мәлімет жасалады.

Дайындаған:

Кадрлар бөлімінің басшысы

Зарипбекова О